

**ІШКІ КӨШІ-ҚОН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУҒА ӘСЕРІ**

**INTERNAL MIGRATION AND ITS IMPACT ON THE DEVELOPMENT OF SOCIAL
INFRASTRUCTURE IN RURAL AREAS OF KAZAKHSTAN**

**ВНУТРЕННЯЯ МИГРАЦИЯ И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНОЙ
ИНФРАСТРУКТУРЫ СЕЛЬСКИХ ТЕРРИТОРИЙ КАЗАХСТАНА**

К. БОДАУХАН*

Э.Ф.К.

Д. ЖЕНСХАН

Э.Ф.К.

А.Ж. ЖОЛМУХАНОВА

Э.Ф.К.

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан
автордың электрондық поштасы: azan_tanat@mail.ru

К. BODAUKHAN*

C.E.Sc.

D. ZHENSHAN

C.E.Sc.

A.ZH. ZHOLMUKHANOVA

C.E.Sc.

*S. Seifullin Kazakh Agro Technical University, Astana, Kazakhstan
corresponding author e-mail: azan_tanat@mail.ru

К. БОДАУХАН*

К.Э.Н.

Д. ЖЕНСХАН

К.Э.Н.

А.Ж. ЖОЛМУХАНОВА

К.Э.Н.

*Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина, Астана, Казахстан
электронная почта автора: azan_tanat@mail.ru

Аңдатпа. Экономиканың нақты секторының жұмыс істеу ерекшеліктері ауылдық аумақтардың тұрақты әлеуетімен байланысты. Сондықтан мемлекеттің стратегиялық бағыттарының бірі – демографиялық мәселелерді шешу, ауыл тұрғындары үшін қажетті объектілер мен жағдайларды оңтайландыру арқылы ауыл халқының табыс деңгейін арттыру. *Мақсаты* - өңірлердің демографиялық және ішкі көші-қонының жай-күйін талдау, ауыл тұрғындарының табыстылығын реттеу шараларын көрсету. *Әдістері* – экономикалық-статистикалық, аналитикалық, логикалық, салалық ақпараттық, кәсіпорындардың есептілігі. *Нәтижелері* – тұрақты өңірлік даму үшін ауылдық жерлерді әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етудегі қалыптасқан жағдай зерделенген. Инфрақұрылымның ескіруі, өмір сапасының төмендігі, жалақы әсерінен ішкі көші-қон және демографиялық асқынулардың себептері ғылыми негізделген. Зерттеулер жүргізілген және 2016 жылдан 2021 жылға дейін елдегі қартаю индексіне баға берілген. Солтүстік облыстардағы (Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Шығыс Қазақстан) демография және көші-қон мәселелерінің өзектілігі белгіленген. *Қорытындылар* – ішкі көші-қон, урбанизация, қартаю процестері, ауыл мен қаланың әлеуметтік саласында қызмет көрсетудің әртүрлі дәрежесіне, әл-ауқат көрсеткішіне, ауыл халқының табысын орташа жалақыдан екі есеге дейін қысқартуға байланысты Қазақстанның көптеген өңірлерінде кадрлар тапшылығы - тез арада шешуді талап ететін бірінші кезектегі міндеттер. АЕМ мен қалалық агломерациялардың оңтайлы кеңістіктік үйлесіміне қол жеткізу, ауылдық және қалалық аймақтардың өлшемдерін белгілеу бойынша ұсыныстар әзірленген. Авторлар мемлекеттік көші-қон саясатын

тамасыз етуі мүмкін. Осыған байланысты жаңа қауіп-қатерлер мен жаһандануға, климаттық және демографиялық өзгерістер жағдайында ауылдық аймақтардың инфрақұрылымдарын дамыту әлем бойынша күн тәртібіндегі маңызды мәселеге айналды [1]. Себебі, заманауи талаптарға сәйкес келетін элеуметтік-инженерлік инфрақұрылымдар ауылдық елді мекендерді дамытудың және ішкі көші-қон проблемаларын реттеудің ажырамас бөлігі болып саналады.

Ауылдық аумақтардың элеуметтік инфрақұрылымдары қалалық деңгеймен салыстырғанда бірқатар ерекшеліктерімен сипатталады, олар: инфрақұрылым объектілерінің қызметі процесінде баламаның болмауы; элеуметтік инфрақұрылым объектілері ұсынатын қызметтердің төмен деңгейінен жоғары деңгейге дейінгі қызмет түрлерінің болмауы; ауыл мектептерінің әртүрлі модельдері; елді мекеннің элеуметтік-экономикалық әлеуетін оның орналасқан жеріне байланыстыру; еңбек тәрбиесінің үлкен маңыздылығы; қоршаған табиғи ортамен бірлік; халық дәстүрлерімен тығыз байланыстың болуы; элеуметтік қаржыландыру деңгейлерінің әртүрлілігі [2].

Келтірілген салыстырмалы айырмашылықтардан ауылдық территориялардағы инфрақұрылымдардың қызмет көрсету сапасының қала деңгейіне қарағанда біршама төмен екенін байқауға болады. Сондықтан, жаһандану процесінде инфрақұрылымның жаңа түрлерін: ақпарат, интернет және басқа да зияткерлік өнімдер, ұйымдастыру мен басқарудың, қаржыландырудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыра отырып, ауылды қалалық деңгейге сәйкестендіру және өңірлердің демографиялық, көші-қон проблемаларын реттеу өте маңызды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде авторлар еліміздің ауылдық аумақтарын орнықты дамыту мақсатында әзірленген бірқатар мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды негізге алды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының дерекқорларын, Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) ресми сайтынан алынған ауылдық территорияларды дамыту тұжырымдамалары мен жылдық есепкөрсеткіштерін қолданды.

Статистикалық әдісті қолдану арқылы еліміздегі соңғы 22 жылдағы (2000-2021 жылдар) қала және ауыл халқының табиғи өсімінің динамикасы көрсетіліп, оған талдау жасалды.

Ауылдық аумақтардың инфрақұрылымдарының еліміздегі демографиялық және көші-қон процесіне, урбандалуға, жалпы өңірлердің элеуметтік-экономикалық дамуына әсерін анықтау мақсатында салыстырмалы талдау, тарихи-логикалық, аналитикалық және аймақтар дамуының есепілігі әдістері қолданылды.

Өңірлер мен ауылдық аумақтардың элеуметтік инфрақұрылымдарды нығайту нәтижесінде ауылдық жерлердегі өндірістер санын арттыру, ауыл тұрғындарының табыстылықты арттыру, демографиялық және ішкі көші-қонды реттеу мәселелерін зерделеу кезінде авторлар орнықты дамудың әртүрлі аспектілеріне негізделген жүйелік тәсілді пайдаланды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Ауылдық аумақтардың тұрақты дамуы ауыл тұрғындарының өмір сүру жағдайларына және олардың қала өміріне мүмкіндігінше жақын болуымен тікелей байланысты. Қала мен ауыл арасындағы айырмашылықтың проблемалық сипаты олардың ауылдық және қалалық аймақтарға бөлу критерийлерінен басталып отыр.

Қазіргі кезде ең көп қолданылатын критерий – халықтың тығыздығы. Алайда, халық бір елде тығыз деп саналса, екінші елде сирек деп санауға болады. Тағы бір мүмкін критерий басым экономикалық қызметтің сипаты болып табылады, сонымен қатар, ауыл шаруашылығы басым аудандар ауылдық болып саналады, ал сауда мен өнеркәсіп басым аудандар қалалық болып саналады.

Неғұрлым мұқият бақылау экономикалық критерий – ол іс жүзінде халықтың тығыздығы критерийінің негізінде жатқанын көрсетеді. Негізінде, ауыл шаруашылығы басым аудандар осы қызметке қажетті жердің мөлшерін ескере отырып, аз қоныстанған болуы керек. Керісінше, сауда және өнеркәсіп процестері жақын жерде көптеген адамдардың жұмыс істеуін талап етеді; сондықтан олар басым аудандар халықтың тығыздығы жоғары және осылайша қалалық деп жіктеледі. Сондықтан ауылдық аумақтардың даму жағдайын сипаттауда нақты бір критерийлерді негізге алған жөн.

COVID-19 пандемиясы кезінде әлемнің көптеген бөліктеріндегі адамдарға ауылдық аумақтар мен оның инфрақұрылымдарын дамытудың маңыздылығы айқын сезілді. Ауылдық жерлер азық-түлік пен энергия сияқты маңызды тауарлар мен қызметтердің дәстүрлі көзі ғана емес, сонымен қатар таза ауа мен демалыс көзі екенін дәлелдеді. Сонымен қатар, қала тұрғын-

дары үшін қауіпсіз өмір мен ыңғайлы жұмыс жағдайларын қамтамасыз етеді.

Әлемнің кейбір дамушы және дамыған елдері қала тұрғындары карантинге немесе зауыттар мен дүкендердің мәжбүрлі түрде жабылуына, сондай-ақ табыс көздерінің жоғалуына тап болған кезде өз ауылдары мен шыққан шағын қалаларына – кері көші-қон деп аталатын процесі арқылы қайта оралуды таңдауы. [3]. Демек, ауылдық территориялардағы ескірген инфрақұрылымдарды дамыту маңызды болып қала береді және бұл өңірлердің әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, демографиялық дамытудың маңызды бағыты болып саналады.

Ауылдық аумақтардағы әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымның (ӘИИ) жеткіліксіз дамуы бүгінде жаһандық құбылысқа айналды, нәтижесінде әлем халқының 29%-ы немесе 2.1 млрд. адам қауіпсіз ауыз суға, 13%-ы электр қуатына, 40%-ы тұрмыстық қажеттіліктер үшін экологиялық таза отынға қол жеткізе алмайды [4].

Біріккен Ұлттар Ұйымының 2021 жылғы Дүниежүзілік әлеуметтік есебінде – 2030 жылға дейін бүкіл әлем бойынша ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту тұжырымдамасын қайта қарау қажеттілігі көрсетілген [қараңыз 3]. Бұл тұжырымдамада ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін «жергілікті урбанизация» әдісі арқылы қала тұрғындарының өмір сүру деңгейіне дейін көтеру шаралары қарастырылған.

XX ғасырдың 90-жылдарындағы Қазақстанның өтпелі кезеңі ауылдық жерлерде көптеген әлеуметтік-экономикалық проблемаларды қалыптастырды. Реформалар барысында әлеуметтік-мәдени және демографиялық тенденциялар өзгерді, әртүрлі құндылықтар, дағдылар, ауылдық елді мекендердің өзара байланысы, жаңа мүшелер және ауылдық қауымдастықтарды басқару желілері өзгерді.

Әлеуметтік инфрақұрылым объектілері жергілікті басқару органдарына берілді. Ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен кәсіпкерлер әлеуметтік саланы қаржыландыра алмады, олардың әлеуметтік жауапкершілігі төмен болды. Нәтижесінде, ауылдық аумақтардағы ӘИИ күрт төмендеді және ол бүгінгі күнге дейін жалғасуда.

Елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін мемлекет ауылдық аумақтарды дамыту мақсатында бірқатар бағдарламалар мен ұлттық жобаларды әзірледі және оларды үнемі жетілдіріп келеді [5-7]. Еліміздің ауылдық аумақтарын, жалпы алғанда өңірлерді дамыту бағ-

дарламалары мен жобаларын екі кезеңге топтастырып қарастыруға болады:

- бағдарламалардың бірінші тобы (1990-2020 жылды аралығын қамтитын бағдарламалар), ауылдық аумақтарды дамытудың ең төменгі стандарттары бойынша инфрақұрылымды қолдауға бағытталды. Нәтижесінде жолдар жөнделді, бірқатар ауылдық аумақтарда коммуникациялар жүргізілді [қараңыз 4], бірақ ауылдық аумақтардағы негізгі проблемалар толық шешілмеді: АӨК саласындағы экономикалық өсу және жұмыс орындарын құру;

- бағдарламалардың екінші тобы – ауылдық аумақтар мен АӨК: Жаңғыртуға (Ауыл – 4.0) бағытталды [6,7]. Бағдарламалардың бұл тобы Ауылда өмір сүру сапасын жақсартуға, инфрақұрылымды жаңа өңірлік стандарттар параметрлеріне жеткізуге негізделген. Мақсатқа жету үшін скандинавиялық, континенттік және англосаксондық модельдер қарастырылды [8].

Бұл бағдарламалар ауылдық аумақтардың дамуына өзіндік дәрежеде әсер ете алады. Дегенмен, ауылдық аумақтардың инфрақұрылымдарын қалалық деңгейге дейін көтеру, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің табыстылығын арттыру, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбекақысын республиканың орташа жалақы көлеміне дейін жеткізу бойынша нақты механизмдердің болуы аса маңызды.


Ауылдық аумақтарда орын алып отырған инфрақұрылым проблемаларын нақтылау мақсатында Ақмола және Қостанай облыстарының ауылдық елді мекендеріне жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижелері қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде ауылдық аумақтардағы халық санының азаюына әсер етіп отырған негізгі инфрақұрылым факторларына талдау жасалды, олар: жалпы білім беретін мектептері бар ауылдық елді мекендер (АЕМ) санының азаюы; бейімделген ғимараттар мен нормативтерге сәйкес келмейтін мектептері бар АЕМ санының артуы; жоғары сынып оқушылары санының жылдан-жылға азаюы; денсаулық сақтау объектілері бар АЕМ санының азаюы; науқастарды қабылдауға арналған төсек саны мен дәрігерлер санының жылдан-жылға қысқаруы (Ақмола облысының Зеренді және Қорғалжын аудандарында) болып саналады.

Қостанай облысының кейбір аудандарында аталған проблемалармен қоса келесідей әлеуметтік-демографиялық проблемалар бар, олар: тасымалданатын ауыз суды пайдаланатын АЕМ санының артуы,

АЕМ тұрғындарының кең жолақты интернетпен қамтамасыз етілу деңгейінің төмен дәрежесі (30%, Әуликөл ауданы) [9]; жалпы халық санының азаюы есебінен мектепке дейінгі мекемелердегі балалар мен мектеп оқушыларының санының азаюы (Әуликөл және Алтынсарин аудандары); автомобиль жолдарының сапасының төмен жағдайы (Алтынсарин ауданында 22,3% қанағаттанарлықсыз).

Елімізде қалыптасқан осындай өткір мәселелер салдарынан, қала мен ауылдық елді мекен арасындағы әлеуметтік-экономикалық және демографиялық теңгерімсіздік пайда болды. Әлеуметтік инженерлік инфрақұрылымдардың қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келмеуі салдарынан ауылдық елді мекендердің саны 2021 жылғы 1991 жылмен салыстырғанда 20%-ға, 2022 жылғы ауыл халқының саны 2008 жылмен салыстырғанда 6,4%-ға азайды [10] (сурет).



Сурет – Қазақстан Республикасы халқының табиғи өсімі (кемуі), адам

Суреттегі деректерден көріп отырғанымыздай, соңғы он жылда (2011-2021жж.) ауыл халқының табиғи өсімі қалалықтармен салыстырғанда төмендеді [қараңыз 2]. Ауылдық аумақтардың инфрақұрылымдарының жағдайын зерттеуші мамандар еліміздің ауылдық аумақтарында келесідей инженерлік инфрақұрылымдық проблемаларды анықтады, олар: ауыз суға, жол қатынастарына, көлікке, интернетке қолжетімділіктің барлық ауылдық елді мекендерде бірдей бола бермеуі [қараңыз 5, 11].

2022 жылдың басында, ауылдық территорияларда 770 мыңнан астам адам орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілмеген, әсіресе Түркістан, Қостанай, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарындағы жағдай күрделі [12]. Ел бойынша ауылдардың тек 22%-ы ғана газбен жабдықталған, электр желілерінің тозуы ауылдық территориялар үшін үлкен проблема болып қалып отыр, ол ел бойынша орта есеппен 58%-ды құрайды.

Цифрландыру ауқымына қарамастан, ауылдық елді мекендердің үштен біріне жуығы интернеттің кең жолақты қолжетімділікке ие емес [13]. Жағдайы жақсы және қанағаттанарлық деп танылған облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі 71%-ды ғана құрайды. Бірқатар өңірлерде жергілікті жолдардың

қанағаттанарлықсыз жағдайының жоғары үлесі сақталған. Бұл Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстарында байқалады.

Сонымен қатар, ауыл тұрғындарының сатып алу қабілеті өте төмен. Бұл кәсіпкерлерге несие беру мүмкіндіктерін қиындатады. 2022 жылдың 1 тоқсанындағы жағдай бойынша орташа жалақы 285,4 мың теңгені құрады, ал ауыл шаруашылығы саласы қызметкерлерінің жалақысы екі есе төмен (144,1 мың теңге). Жылдан-жылға ЖІӨ құрылымындағы ауыл шаруашылығы саласының үлесі төмендеді, тұрақты өсу сақталмады.

ЖІӨ құрылымындағы ауыл шаруашылығы үлесінің ең жоғары көрсеткіші 1999 жылы тіркеліп, 9,9% құрады. Өкінішке орай, бұл көрсеткіш бойынша 2021 жылы 5,1%-ға дейін төмендеді [қараңыз 10]. Ауыл шаруашылығы секторындағы мұндай тұрақсыздықтар ауылдық территориялардағы жұмыссыздық проблемаларын, қылмыстық іс-әрекеттердің артуын, ішкі көші-қон проблемаларын қалыптастыратын басты фактор.

Осының салдарынан еңбекке қабілетті халықтың көші-қоны еліміздегі өзекті проблемаға айналды. Нақтырақ айтқанда Қазақстанда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, яғни 1990 жылы еліміздегі жалпы халыққа есептегенде ауыл тұрғындарының

үлесі 42,9% болды. 1996 жылы бұл көрсеткіш 44,3%-ға дейін өскен.

1993-1995 жылдары еліміздегі жаппай жекешелендіру салдарынан көптеген АЕМ-де жұмыссыздықтың орын алу салдарынан ауыл тұрғындары тағы да азая бастады. 2022 жылдың басында бұл көрсеткіш 40,5% құрап отыр. Ауыл халқының 2 млн-ға жуық тұрғыны төрт ірі қаланың маңына, яғни Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе төңірегінде тұрады [қараңыз 12]. Оларда күнделікті еңбек көші-қоны үшін мүмкіндіктер пайда болды.

Бұл құбылыстың салдары – ірі қалалардағы әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымға айтарлықтай жүктеме келтіруде, тұрғын үй, балабақшалар мен мектептердің, ауруханалар мен емханалардың және т.б. жұмыс жүктемелерін арттырып, кейбір жағдайда ол қызметтердің тапшылығына алып келді.

Зерттеу нәтижелері анықтап отырғандай ауылдық аумақтардағы әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымдық мәселелердің бірінші салдары, еліміздің демографиялық және көші-қон проблемаларының одан әрі күшеюіне алып келді. Себебі халық республика бойынша санының өсуіне қарамастан, ауылдық аумақтардағы халықтың табиғи өсімі тұрақты емес, керісінше азаю тенденциясына ие.

2022 жылдың басында еліміздегі халық саны 19,2 млн адамды құрады. Бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,3%-ға жоғары. Дегенмен, республика бойынша халық саны азайып бара жатқан өңірлер қатарында Солтүстік Қазақстан облысы – халық саны 1,23%-ға, Қостанай облысы – 0,77%-ға, Шығыс Қазақстан облысы – 0,54%-ға, Павлодар облысы – 0,52%-ға, Қарағанды облысы – 0,28%-ға және Ақмола облысы – 0,22%-ға қысқарды.

Соңғы 10 жылда елдегі халық санының орташа өсуі жылына 1,5%-ды құрады. Бұл айтарлықтай жақсы. Алайда, халықтың өсуі әлемде де, Қазақстанда да қарт адамдар үлесінің ұдайы өсуімен қатар жүрілуде. Әлемде 65 жастан асқан 702,9 млн адам өмір сүретін болса, олардың үлесі халықтың жалпы санының 9%-ын (7,7 млрд. адам) құрауда, ал 2050 жылға қарай олардың саны 1,5 млрд. адамға немесе 16%-ға жетеді деп болжануда. Қазақстанда да осы үрдіс байқалады: 2010 жылы 65 жастан асқан тұрғындар халықтың 9,9%-ын құраса, 2020 жылы – 11,0 % [қараңыз 1].

Егер қала мен ауылдық жерлердегі қартаю индексі қарастыратын болсақ, бұл көрсеткіш ауылдық жерлерде соңғы алты

жыл бойы қатарынан өсуде. 2016 жылы қартаю индексі ауылдық жерлерде 100 балаға – 22,1 болса, 2021 жылы 23,9 құрады. Өңірлік бөліністе халықтың қартаю индексінің ең төмен көрсеткіштері Түркістан (100 балаға 12,7) және Маңғыстау (100 балаға 13) облыстарында байқалды. Елдің солтүстігінде жағдай басқаша: Солтүстік Қазақстан облысында қартаю индексі 100 балаға 62,9, Қостанай облысында 100 балаға 58,2, ал Шығыс Қазақстан облысында 100 балаға 50,9 құрады.

Келтірілген деректер Қазақстанның Солтүстік аймағындағы халық санының жылдам қарқынмен төмендеуін көрсетеді. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында 2022 жылдың бірінші тоқсанында келгендер саны өңірден кеткендер санының небәрі 69,6%-н құрады. Шығыс Қазақстан облысында келгендердің кеткендерге қатынасы 74,8%, Павлодар облысында 78% құрады.

Еңбекке қабілетті жастан кіші адамдар арасындағы көрініс одан да ауыр: 2022 жылдың қаңтар-наурыз айларында Солтүстік Қазақстан облысына келген балалар мен жасөспірімдердің зейнеткерлікке шыққандарға қатынасы тек 30,3% құрады. Яғни, балалардың «көші-қон» шығындарының 70%-ы өтелмеген күйінде қалды. Павлодарда (39,4%) және Қостанай (43,5%) облыстарына жағдай біршама жақсы. Осылайша бұл облыстарда жас мамандардың тапшылығы байқалады [қараңыз 10]. Тек Қостанай облысының бір ғана ауданының (Өуликөл ауданы) әлеуметтік саласының өзінде келесідей әлеуметтік-демографиялық проблемалар бар [қараңыз 9] (кесте).

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай Қостанай облысының Өуликөл ауданындағы халық саны 2022 жылдың қыркүйек айындағы жағдай бойынша 2010 жылмен салыстырғанда 16,1% азайған. Аудандағы жалпы халық санының азаюымен қатар мектепке дейінгі және мектеп жасындағы оқушылар санының қысқаруы табиғи құбылыс. Дегенмен, жоғары сынып оқушылары (10-11 сынып) 33,3% азайған. Оның басты себебі білікті мамандар санының жеткіліксіздігімен түсіндіріледі.

Келтірілген деректерден жоғары сыныптарға қажетті мамандар санының жылдан-жылға артып, 2022 жылы 2010 жылмен салыстырғанда 57,9 пайызға өсті. Сонымен қатар, қарастырылып отырған кезеңдер аралығында аудандағы дәрігерлер (10%) мен медициналық қызметкерлер саны да (13,6%) азайған [қараңыз 10].

Кесте – Қостанай облысы Әуликөл ауданының кейбір әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштері, 2010-2022 жж.

Көрсеткіштер	2010	2015	2020	2021	2022	Ауытқу, % 2022/2010
Аудан бойынша халықтың жалпы саны, адам	46903	44644	40464	39613	39345	83,9
Мектепке дейінгі мекемелердегі балалар саны, адам	1385	1503	1117	1016	1018	73,5
Жоғары сынып оқушылары (10-11 сыныптар), адам	645	523	587	460	430	66,7
Негізгі және жоғары сыныптарға қажетті мамандар (5-10 сыныптар), адам	423	552	625	668	668	157,9
Дәрігерлер, адам	79	66	72	68	71	89,9
Медицина қызметкерлері, адам	279	221	251	242	241	86,4
АЕМ-де қажетті медицина мамандары, адам	11	11	7	7	6	54,5
АЕМ тұрғындары үшін интернеттің қызмет көрсету сапасы, %	23	23	30	30	30	130,4

Ескерту: автормен [қараңыз 9] әдебиетнегізінде құрастырылды

Талдау нәтижесінде анықталған проблемалар өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының негізгі тетіктерін әлі де болса жетілдіру керек екендігін талап етеді. Сондықтан, ауылдық аумақтардың дамуына әлеуметтік, экономикалық, демографиялық және экологиялық жағынан әсер ете алатын кешенді механизмнің болуы аса маңызды.

Қорытынды.

1. Ауылдық аймақтарды дамытудың стратегиялық бағыты – ауылдық жерлер мен қалалардың оңтайлы кеңістіктік үйлесіміне қол жеткізу және бұл әрқашан маңызды болып қала береді. Себебі аумақтардың инфрақұрылымдарын дамыту арқылы өңірлердегі демографиялық және көші-қон проблемаларын реттеу, өңірлердің мамандану деңгейін ескере отырып, өндіріс орындарын дамыту нәтижесінде урбандалу процесін төмендету және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің табыстылығын арттыру еліміздегі стратегиялық жағынан маңызды мәселеге айналып отыр.

2. Еліміздегі демографиялық және көші-қон проблемаларын шешу мақсатында ауылдық және қалалық аймақтарды бөлу критерийлерін бір жүйеге келтіру және жергілікті урбандалу әдісін қолданудың маңызы зор. Себебі ауыл тұрғындарының өмір сүру жағдайларын қала деңгейіне дейін көтеру және «жергілікті урбандалу» әдістемесін қолдану – еліміздегі демографиялық және көші-қон процесін реттеуге, урбандалуды төмендетуге, өңірлердегі

жаңа кәсіпорындардың ашылуына, ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын нығайтуға, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің табысын арттыруға мүмкіндік береді.

3. Көптеген мемлекеттерде ауылдық және қалалық жерлер арасындағы айырмашылық: халық санының тығыздығына, экономикалық қызметтің сипатына және ауыл шаруашылығының басымды критерийлері бойынша ажыратылады. Өкінішке орай, Қазақстан жағдайында олардың инфрақұрылымдары мен табыс деңгейі арасындағы алшақтықтың болуы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын, демографиялық және ішкі-көші қон проблемаларын одан әрі күрделендіреді. Сондықтан, ауылдық жерлерді дамытудың тағы бір стратегиялық бағыты – ауыл шаруашылық моделін таңдау болып табылады.

4. Қазақстан және басқа да бірқатар елдер үшін ауыл шаруашылығы – негізгі экономикалық қызметтердің бірі болып қала береді. Осыған байланысты уақыт өте келе пайда болған ауыл шаруашылығын дамытудың әртараптандырылған кешенді модельдерін дайындаудың маңызы зор. Ол модель ауыл шаруашылығының бір-бірімен байланысты үш аспектісін бірдей қамтуы тиіс, атап айтқанда: ресурстар (мысалы, жер мен жұмыс күшінің болуы); технологиялар; және институттар (мысалы, жерге меншік құқығы).

5. Аграрлық сектордың аталған аспектілеріне сүйене отырып, ауыл шаруашылығын дамытудың әртүрлі модельдеріне

кешенді зерттеулер жүргізудің маңыздылығы жоғары. Белгілі бір модельдің немесе бірнеше модельдердің үйлесімділігінің орындылығы белгілі бір елдің ресурстарына, технологиялары мен институттарына байланысты.

Ауыл шаруашылық модельдерінің әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мақсаттарына қатысты өзіндік ерекшеліктері бар. Осыған байланысты дұрыс таңдау жасау ауылдың даму стратегиясының сәттілігі үшін өте маңызды. Бұл ауыл тұрғындарының өмір сүру жағдайын жақсартып, еліміздегі ішкі көші-қон проблемаларын реттеу үшін маңызды болып табылады.

Зерттеу жұмысы О.Ә. Әлипбекидің жетекшілігіндегі «Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясаттың агроөнеркәсіптік кешендегі кооперативтік процестерді дамытуға, ауылдық аумақтарды орнықты дамытуға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсерін зерттеу» тақырыбындағы №BR10764919 ғылыми техникалық бағдарламасы аясында және Қ.Бодауханның жетекшілігіндегі «Қазақстан Республикасының солтүстік өңірлеріндегі демографиялық және көші-қон процестерін зерттеу: негізгі факторларды анықтау және талдау және оларды реттеу әдістерін әзірлеу» тақырыбындағы AP14870872 гранттық бағдарлама аясында әзірленді.

Әдебиеттер тізімі

[1] Ousmane Badiane. Sustainable development requires global awareness and local action [Electronic resource].-2022.- URL: <https://www.dandc.eu/en/article/revitalising-rural-areas-means-improving-infrastructure-and-boosting-peoples-opportunities> (дата обращения: 10.09.2022).

[2] Женсхан, Д., Рустембаев Б.Е., Нукешева А.Ж. Ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымы: Қазақстанның ауыл халқының әл-ауқатын жаңартуға және жақсартуға бағдарлану / Д. Женсхан, Б.Е. Рустембаев, А.Ж. Нукешева // Проблемы агрорынка.- 2022.- №3. - Б. 184 -191.

[3] UN World Social Report 2021 Reconsidering Rural Development [Electronic resource].- 2022. - URL: <https://www.un.org/en/desa/world-social-report-2021> (date of access: 12.09.2022).

[4] Khan, H., Li, U., Jiang, J., AsifKhan, M. Impact of infrastructure on economic growth in South Asia: evidence from pooled mean group estimation [Electronic resource].- 2020. - URL: <https://www.un.org/en/desa/world-social-report-2021> (date of access: 12.09.2022).

[5] Женсхан, Д. Қазақстанның ауылдық аудандарының әлеуметтік-экономикалық дамуы / Д.Женсхан, Ш.Е. Альпеисова // Проблемы агрорынка.-2021.- №1.- Б. 147-154.

[6] Об утверждении Государственной программы развития регионов на 2020-2025 годы (2019): Постановление Правительства Республики Казахстан. № 990 [Электронный ресурс].- 2022. - URL: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000990> (дата обращения: 14.09.2022).

[7] Концепции развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021–2030 годы [Электронный ресурс].- 2022. -URL: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000960> (дата обращения: 12.09.2022).

[8] EY Global Financial Accounting and Advisory Services (FAAS) corporate reporting survey, 2018 [Electronic resource].-2018.-URL: [https://www.assets.ey.com/content/dam/ey/sites/ey-com/\(https://www.un.org/en/desa/world-social-report-2021](https://www.assets.ey.com/content/dam/ey/sites/ey-com/(https://www.un.org/en/desa/world-social-report-2021) (date of access: 17.09.2022).

[9] Результаты исследований НТБ № BR 10764919 под руководством О.А. Алипбеки. Официальный сайт Акимата Аулиекольского района Костанайской области [Электронный ресурс].-2022.-URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-auliekol-audany-akimat/activities/directions?lang=ru> (дата обращения: 22.09.2022).

[10] Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық Статистика бюросының мәліметтері [Электрондық ресурс].-2022.- URL: <https://www.stat.gov.kz> (қаралған күні: 20.07.2022).

[11] Попова, С.А. Типология сельских территорий по уровню развития инженерной инфраструктуры / С.А. Попова, Е.Е. Смотров, Е.А. Колпакова// Интеллект. Инновации. Инвестиции.-2020.-№6.- С. 69-78.

[12] Нигметов, К.К. Проблемы развития сельских территорий [Электронный ресурс].- 2022. - URL: https://www.economy.kz/ru/Novosti_instituta/id=4348 (дата обращения: 12.06.2022).

[13] Тлеубердинова, А.Т. Анализ обеспеченности транспортной инфраструктурой сельских районов Республики Казахстан / А.Т. Тлеубердинова, В.Б. Кулик., К.В. Кулик // Вестник университета «Туран». - 2021.-№3(83).-С. 103-111.

References

[1] Ousmane Badiane (2019). Sustainable development requires global awareness and local action. Development and cooperation entwicklung und zusammenarbeit International Journal. Available at: <https://www.dandc.eu/en/article/revitalising-rural-areas-means-improving-infrastructure>

and-boosting-peoples-opportunities (date of access: 10.09.2022).

[2] Zhenshan, D., Rustembaev, B.E. & Nukesheva, A.Zh. (2022). Auyldyq aumaqtardyñ äleumettik zhäne inzhenerlik infraqurylymy: Qazaqstannyñ auyl halqynyñ äl-auqatyn zhañartuға zhäne zhaqsartuға bardarlanu [Social and engineering infrastructure of rural areas: focus on updating and improving the well-being of the rural population of Kazakhstan].- *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 3,184 - 191[in Kazakh].

[3] UN World Social Report 2021 Reconsidering Rural Development (2021). Available at: <https://www.un.org/en/desa/world-social-report-2021> (date of access: 12.09.2022).

[4] Khan, H., Li, U., Jiang, J. & AsifKhan, M. (2020). Impact of infrastructure on economic growth in South Asia: Evidence from pooled mean group estimation. Available at: <https://www.un.org/en/desa/world-social-report-2021> (date of access: 12.09.2022).

[5] Zhenkhan, D. & Alpeisova, Sh.E. (2021). Qazaqstannyñ auyldyq audandarynyñ äleumettik-ekonomikalyq damuy [Socio-economic development of rural areas of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 1, 147-154 [in Kazakh].

[6] Ob utverzhdenii Gosudarstvennoj programmy razvitija regionov na 2020-2025 gody (2019): Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan. № 990 [On approval of the State Program for the Development of Regions for 2020 - 2025 (2019): Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan. No. 990]. Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000990> (date of access: 14.09.2022) [in Russian].

[7] Konceptii razvitija agropromyshlennogo kompleksa Respubliki Kazahstan na 2021–2030 gody. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 30 dekabrja 2021 goda № 960 [Concepts for the development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2021 – 2030. Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan. No. 960, December 30]. Available

at: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P21000_00960 (date of access: 17.09.2022) [in Russian].

[8] EY Global Financial Accounting and Advisory Services (FAAS) corporate reporting survey, 2018. -2018.- Available at: <https://assets.ey.com/content/dam/eysites/ey-com/> (date of access: 17.09.2022) [in Russian].

[9] Results of research of NTB No. BR 10764919 under the direction of O.A. Alipbeki. Ofitcialnyi sait Akimata Auliekolskogo raiona Kostanaiskoi oblasti [The results of research NTB № BR10764919 under the direction of O. A. Alipbeka. Official website of Akimat of Auliekolsky district of Kostanay region].-2022.-Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-auliekol-audany-akimat/activities/directions?lang=ru> (date of access: 22.09.2022) [in Russian].

[10] Qazaqstan Respublikasynyñ Strategialyq josparlau және reformalar agenttigi Ұлттық Статистика бюросының мәліметтері [Information from the National Bureau of Statistics, Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan].-2022.-Available at: <https://www.stat.gov.kz> (date of access: 22.07.2022) [in Kazakh].

[11] Popova, S.A. Smotrova, E.E. & Kolpakova, E.A. (2020). Tipologija sel'skih territorij po urovnju razvitija inzhenernoj infrastruktury [Typology of rural areas according to the level of development of engineering infrastructure]. *Intel-lett. Innovacii. Investicii - Intelligence. Innovation. Investment*, 6, 69-78 [in Russian]

[12] Nigmatov, K.K. (2022). Problemy razvitia selskih teritorij [Problems of rural development]. Website «Institute of Economic Research - Sait «Institut ekonomicheskikh issledovani». Available at: https://www.economy.kz/ru/Novosti_instituta/id=4348 (date of access: 12.09.2022) [in Russian].

[13] Tleuberdinova, A.T. Kulik, V.B. & Kulik, K.V. (2021). Analiz obespechennosti transportnoj infrastrukturoj sel'skih rajonov Respubliki Kazahstan [Analysis of the provision of transport infrastructure in rural areas of the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik universiteta «Turan» - Bulletin of the University «Turan»*, 3 (83), 103-111 [in Russian].

Авторлар туралы ақпарат:

Бодаухан Қайрат - негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты; «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының қауымдастырылған профессоры; С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті; 010000 Жеңіс даңғ., 62, Астана қ., Қазақстан; e-mail: kairat_2208@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3232-5315>.

Женсхан Дарима; экономика ғылымдарының кандидаты; «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының қауымдастырылған профессоры; С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті; 010000 Жеңіс даңғ., 62, Астана қ., Қазақстан; e-mail: azan_tanat@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2863-2611>.

